

**СЕНІН  
ЖАНЫҢ  
ҚАЙДА  
БОЛАДЫ --**

**ТОЗАҚТА  
МА,  
БЕЙІШТЕ  
МЕ?**

Қадірлі дос, сіз Құдайға, тозақ пен бейіштің барлығына сенесіз бе? Мен сізге қойып отырған сұрағым әлем халқын ғасырлар бойы ойландырып, қатты толғандыратын сұрақтардың бірі. Мен сізге сіздің жаныңыздың мәңгілікке қатысы тұралы бір шындықты айтып бергім келеді.

Мәңгілік өмір сүретін сіздің жаныңыз бар. Адамның өмірі оның өлуімен тоқтамайды, жаны өмірін жалғастыра береді. Дене өлген кезде, жан оны қалтырады да, бейішке немесе тозаққа мәңгілікке кетеді. Інжілде (Библияның бөлігінде) жазылған: «Адамдарға бір рет өлулері тағайындалған, ал содан соң сот». Осы Құдайдың соты ғана қай жерде біз өзіміздің мәңгілігімізді өткізуімізді шешеді.

Інжіл бізге айтады, өкінішке орай, біздің барлығымызға шындығында да, тек бір нәрсе — тозақтағы мәңгілік жаза лайық. Бұған себеп — Құдайдың алдындағы біздің күнәміз. Інжіл кітабында былай деп жазылған: «Өйткені барлығы күнә жасады және Құдайдың даңқынан айырылды». «Әділ біреуі де жоқ, түсінетін де жоқ; ешкім Құдайды іздемейді; барлығы жолдан тайды; біреуі де жарамайды; жақсылық жасаушылар жоқ, біреуі де жоқ». Сіз өміріңізде бір рет болса да, күнәға батқаныңызға, яғни бірер жаман, дұрыс емес, Құдай тыйым салғанды істегеніңізге, келісесіз бе? Інжілде: «Кім (Құдайдың) барлық заңын орындаса және бір нәрседе күнәленсе, сол барлығында кінәлі болады» — деп Інжілде айтылған. Әр адал адам тек бір ретте емес, одан да көбірек күнә жасағандығын мойындайды. Бірақ Құдай жетілмегендерді қабылдамайды. Жетілген бейішке Ол күнәлі адамды жібіре алмайды: «Сонда Ол айтады... "Кетіңдер Менен, лағнат атқандар, мәңгілік отқа"» Күнәнің жазасы — мәңгілік тозақ.

Бұл күнәкарлық әр адамға тән, себебі тұңғыш кісі Адам-ата күнәкар болды. Және сол кезден бастап күнәнің қарғысы оның

келеді. Соғыстар, өлтірушілік, әділетсіздік, аурулар, тағдырдың бақытсыздықтары — біздің әлем шынында да жетілмеген, және барлығы күнәнің себебінен.

Расында да, жиіркенішті келешек емес пе? Шынымен барлық адамдарға мәңгілік азап лайық па? Сонда кімнің жаны бейішке кіруі мүмкін?

Инжіл айтады, тозақтан Иса Мәсіхтің ғана арқасында құтқарылуға болады. «Иса Мәсіх әлемге күнәкарларды құтқаруға келді». Тәндегі Құдай, Құдайдың Ұлы, бұл әлемге адамдарды тозақтан, шарасыз жазадан құтқару үшін келді. Ол бізді қалай құтқарды? Мәсіх біз үшін, біздің күнәларымыз үшін айқышталынып өлді. «Бізді Құдайға әкелу үшін, күнәларымыз үшін бір рет азап шекті, Әділ әділетсіздер үшін; тәнде өлтіріліп, бірақ Рухпен тірілді». Құдай Ұлы біз үшін өлді, үш күннен соң қайта тірілді, ал қазір тірі және аспанда. Құтқарылу үшін, сізге жалғыз-ақ нәрсені істеуіңіз қалған — ол Иса Мәсіхке сену, яғни Оның арқасында сізді Құдай әлдеқашан барлық күнәларыңыздан ақтағанына сенуіңіз керек. «Және сендер Мұса заңы арқылы ақтала алмаған **БАРЛЫҚ НӨРСЕЛЕРДЕН** барлық сенетіндер **ОНЫМЕН** (Мәсіхпен) ақталады». Сондықтан, егер сіз Иса Мәсіхтің қаны ғана күнәдан, мәңгілік жазадан сақтайды деп сенсеңіз, құтқару сыйлығын аласыз. «Өйткені, сендер сенім арқылы рақыммен құтқарылдыңдар, және ол **СЕНДЕРДЕН ЕМЕС**, Құдайдың сыйы: **ІСТЕРДЕН ЕМЕС**, ешкім мақтанбас үшін».

Көптеген діни, түрлі атеистік, агностикалық көзқарастағылар бар. Бірақ шын құтқарылу — тек Иса Мәсіхте. Мәсіхке сеніп, сол сену арқылы барлық күнәсына кешірім алғандарды ғана Құдай қабылдайды. «Мен (Иса) — жол және шындық және өмірмін; Әкеге Мен арқылы болмаса, ешкім келмейді». «Оған сенетін сотталмайды, ал сенбейтін әлдеқашан сотталды, себебі ол Құдайдың жалғызтуылған Ұлының есіміне сенбеді». «Себебі аспан

астында адамдарға берілген басқа есім жоқ, қайсысымен бізге құтқарылуға тиісті».

Сондықтан өзіңіз шешерсіз: немесе өзіңіздің, тозаққа апаратын адамдық жолыңызбен жүре беріңіз, олай етбесеңіз, Құдіретті Құдай Иса Мәсіхтің мәңгілік бейішке апаратын жолымен жүріңіз.

Біз сізді православиялық шіркеуге, католиктердің шіркеуіне немесе шоқындыру үшін шақырып, отырғаннан аулақпыз. Тек Құдайға, Құдайдың Сөзіне сенуге шақырып, әрқашан Құдайдың жолымен, Құдай Иса Мәсіх және Құдайдың Қасиетті Рухтың жолымен жүруге, ізгі ниетпен, шын сеніммен шақырып отырмыз. Игі жүрекпен, рақым етер деп, сенеміз.

Сонымен қатар, тағы бір жағдайларды есіңізге салғымыз келеді: православиялық шіркеуі, католиктердің шіркеуі және тағы басқалар насихаттап жүрген суретке табыну, айқышқа шоқыну, т. т. көптеген жарқылдаған киімдер мен әшекейлер Библияда айтылмаған, әрбір діни қызметшілер өздері қосақтап алған әдеттері мен ғұрыптары. Библияда бұның барлығына тыйым салынған. Ол Құдайдың Сөзіне — Библияға қарсылық. Тек Құдайға, Құдай Ұлына сену керек. Библиядағы сөздерге әбден құлақ салып, шын көңілмен сену керек.

Егер сіз, осы трактатты оқып шыққаннан соң, өзіңіздің жалғыз Құтқарушыңыз ретінде Иса Мәсіхке сенсең болсаңыз, немесе трактаттың мазмұнына аз да болса, қызығып, және сұрақтар туғызған жерлері болса, Библия туралы көбірек білгіңіз келсе, мына адреске жазуыңызға болады:



**FELLOWSHIP TRACT LEAGUE**

P.O. BOX 164 • LEBANON, OH 45036

[www.fellowshiptractleague.org](http://www.fellowshiptractleague.org) © Tract 3780 (Kazak)

All tracts free as the Lord provides. Not to be sold.